

• Мәслихат

БЮДЖЕТ НАҚТЫЛАНДЫ

2021 жылдың 30 қарашасында Тайынша ауданының әкімі Р.Ә. Аңбаевтың қатысуымен аудандық мәслихаттың кезектен тыс X сессиясы өтті. Сессия жұмысына: «Nur Otan» партиясы аудандық филиалы төрағасының бірінші орынбасары М. Ж. Хамзин, экономика және қаржы бөлімінің басшысы Б. Ә. Сәрсенбаев, бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері қатысты. Сессия Аitube платформасы арқылы тікелей эфирде көрсетілді. Сессия барысында депутаттар «Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданының 2021 - 2023 жылдарға арналған бюджетін бекіту туралы» және Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы мәслихатының 2020 жылғы 25 желтоқсандағы № 418 шешіміне өзгерістер енгізу туралы ұсыныс жасалды. Сонымен қатар, сессия барысында Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы мәслихатының депутаты Ә. Ә. Қожахметованың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату туралы ұсыныс депутаттардың талқысына салынды. Күн тәртібінде қаралған барлық мәселелер бойынша халық қалаулылары тиісті шешімдер қабылдады.

BUGY КОЛЛЕКЦИЯЛЫҚ МОНЕТАЛАР

Қазақстан Ұлттық Банкі (бұдан әрі – ҚҰБ) 2021 жылғы 22 қарашадан бастап «Көшпенділердің ғибадат жануарлары – тотемдері» монеталар сериясынан BUGY коллекциялық монеталарының сатыла бастайтыны туралы хабарлайды. Номиналы 500, 200 және 100 теңгелік монеталар www.kazcoins.nationalbank.kz платформасында ҚҰБ интернет-дүкені арқылы сатылатын болады. BUGY коллекциялық монеталары туралы Бұғы – көшпенділердің наным-сеніміндегі киелі жануарлардың бірі. Ежелгі түркілер бұл тотемді өзінің арғы тегі деп түсінген және олар үшін тегін жалғастыру символы болған. Монеталардың толық сипаттамасын ҚҰБ сайтында «Басылымдар мен зерттеулер» - «Баспасөз релиздері» бөлімінде көруге болады.

Бұл ретте, ҚҰБ интернет-дүкенінің жұмысындағы кейбір өзгерістер туралы хабарлаймыз:
- интернет-дүкен күн сайын жұмыс күндері сағат 10:00-ден 13:00-ге дейін жұмыс істейді;
- монеталарды бір адамға сатып алуға шектеулердің қолданылу уақыты ұлғайтылды – әрбір жеке түрдегі/атаудағы монеталарды сатып алған кезде оларды қайта сатып алу күнтізбелік 3 күннен кейін қол жетімді болады;
- Қазақстан Республикасы бойынша жеткізуге арналған жаңа, бірыңғай тариф: 1 кг дейінгі жіберілімдер – 1800 теңге;
- «Қазақстан Халық Банкі» АҚ-ның Е-Рау жүйесінде тапсырысқа 20 минут ішінде ақы төленуі тиіс.
Барлық сұрақтар бойынша ҚҰБ Солтүстік Қазақстан филиалына 55-15-27, 55-15-36 телефондары арқылы немесе Петропавл қ., Қазақстан Конституциясы к., 6 мекенжайы бойынша жүгіне аласыз.

ҰЛТТЫҚ БАНК Н. Ә. НАЗАРБАЕВТЫҢ БЕЙНЕСІ БАР 20 МЫҢ ТЕҢГЕЛІК БАНКНОТТЫ АЙНАЛЫМҒА ШЫҒАРДЫ

Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев бейнеленген номиналы 20 мың теңгелік жаңа банкнот айналымға шықты. Бұл жөнінде Қазақстан ұлттық банкінің ресми сайты жазды. Ұлттық банк мұны «Қазақстан тәуелсіздігінің 30 жылдығына арналған» шара деп сипаттағанымен, ақпарат елдегі өзге мемлекеттік мереке – тұңғыш президент күні жарияланып отыр. 20 мың теңге – Қазақстан ұлттық валютасының номиналы ең үлкен банкноты. Құны – шамамен 46 АҚШ доллары. Қазір жаппай айналымда жүрген басқа номиналды теңгелерде адам портреті жоқ. Банкноттың бет жағында 2019 жылы қызметінен кеткен экс-президент Нұрсұлтан Назарбаевтың голографиялық бейнесімен қоса, Нұр-Сұлтандағы «Қазақ елі» монументі, «Мәңгілік ел» салтанат қақпасы, қазақтың ұлттық өрнегінің фрагменті бейнеленген. Теңгенің сыртқы бетінде Назарбаевтың портреті, Нұр-Сұлтан қаласының және президент резиденциясы – Ақорданың панорамалық көрінісі, Қазақстан тәуелсіздігінің 30 жылдығы белгісі бар. Банкноттың екі бетінде де «жиырма мың теңге» деген жазу қазақ тілінде латын қаріптерімен жазылған. Ұлттық банктің хабарлауынша, жаңа банкнотты «Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында төлемдердің барлық түрі бойынша нақты құны бойынша қабылдауға, сондай-ақ Қазақстан Республикасының барлық банктерінде банктік шоттарда аударуға, ұсақтауға және айырбастауға» болады. Бұл Назарбаевтың бейнесі бар алғашқы банкнот емес. Ұлттық банк экс-президенттің суреті салынған 10 мың теңгелік алғашқы мерейтойлық банкнот 2016 жылы шығарылғанын және ол Қазақстан тәуелсіздігінің 25 жылдық мерейтойына арналғанын еске салады. Мерейтойлық банкноттың қандай көлемде шығатыны нақтыланбаған. Қазақстан Ұлттық банкінің ресми сайты.

• Мереке мезеті

ТӘУЕЛСІЗДІКТІ ТҰҒЫРЛЫ ЕТКЕН ТҰЛҒА

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті күні — жыл сайын аталып өтетін мемлекеттік мейрам. Тайынша қаласындағы Балалар өнер мектебінде осы мереке күніне арналған салтанатты жиын өтті. Онда Тайынша ауданының әкімі Р.Ә. Аңбаев тайыншалықтарды айтулы мерекемен құттықтап, Тәуелсіздік жылдарында еліміздің Елбасы бастамасымен қол жеткізген жетістіктеріне тоқталып өтті. Аудан әкімі өз сөзінде Демократиялық мемлекет болып, тәуелсіздігіміз орнап, үлкен жұмыстар атқарылып, экономикамыз қарқынды дамып, өміріміздің барлық тұрғысынан көлемді реформалар жүргізілді. Н.Ә. Назарбаев ауыр тарихи кезеңді басынан өткерген еліміздің таңдаулы лидері. Мемлекеттік саясатты және экономикалық-әлеуметтік істердің қазіргі замандағы үлгісін жасаған осы Тұңғыш Президентіміз, екенін айта келіп, Тұңғыш Президентпен жұмыс бабында кездескенін еске алып, жылы жүзі, мағыналы сөздері өзіне ерекше қуат бергендей сезімде болғанын айтты. Салтанатты жиында әртүрлі салаларда табысты еңбек етіп жүрген азаматтар облыс және аудан әкімінің Құрмет грамотасымен және Алғыс хатымен марапатталды. Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті күніне орай, Тайынша ауданының әлеуметтік дамуына қосқан үлесі, қоғамдық өмірге белсенді ат салысқаны үшін, Солтүстік Қазақстан облысы әкімінің Құрмет грамотасымен «ТайыншаКоммунСервис» ЖШС Железнодорожный шағынауданының қазандық басшысы В.Б. Гусар, Солтүстік Қазақстан облысы әкімінің Алғыс хатымен «СҚО Тайынша ауданы Алабота ауылдық округі әкімінің аппараты» КМУ бас маман-бас бухгалтері А.Ж. Хайбекова, «Nur Otan» партиясының Солтүстік Қазақстан облыстық төрағасының бірінші орынбасарының Алғыс хатымен Тайынша ауданы әкімінің орынбасары Е.Қ. Жаров, Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті күніне орай, Тайынша ауданының әлеуметтік-экономикалық дамуына қосқан үлесі, қоғамдық өмірге белсенді ат салысқаны үшін Тайынша ауданы әкімінің Құрмет грамотасымен Тайынша ауданы мәслихат аппараты құрылымдық бөлімшесінің басшысы Г.А. Қарбаева, Тайынша ауданы әкімінің Алғыс хатымен Тайынша ауданының нотариусы Н.Д. Ізтаева, «Үздік ауыл әкімі» облыстық сайысына белсенді қатысқаны үшін Киров ауылдық округінің әкімі Қ.Т. Ищанов, Донецк ауылдық округінің әкімі М.М. Қахабаев, мемлекеттік қызметшілер арасында жүргізілген «Калейдоскоп Эссе» облыстық сайыста 2 орынға ие болған Тайынша ауданы әкімдігінің экономика және қаржы бөлімінің бас маманы Е.М. Гусева, мем-



лекеттік, банк мекемелері және «Қызмет» қоғамдық қызмет көрсету қызметшілерінің салалық кәсіподағы Төрағасының Алғыс хатымен Тайынша ауданы әкімі аппаратының қаржы-шаруашылық қызметі құрылымдық бөлімшесінің басшысы А.Т. Аманбаева марапатталды. Салтанатты шараның соңы аудандық мәдениет үйінің өнерпаздарымен және өзге де ән сүйер қауымның қатысуымен өткен мерекелік концертке ұласты. Тұңғыш Президент күні – Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың халықтың алдындағы еңбегінің бағасы. Ал, күнтізбеде Президент күнінің пайда болуы - Н.Ә. Назарбаевтың республикаға және халыққа берілген мінсіз еңбегі және терең құрметі деп білеміз.

ЗАМАНАУИ ЭНДОСКОПИЯЛЫҚ КАБИНЕТ



Тайынша аудандық көпсалалы емханасында асқазан-ішек жолдарын диагностикалауға бағытталған заманауи эндоскопия кабинеті ашылды. Эндоскопиялық тексеру – Қазақстан үшін эксклюзивті зерттеулерді орындау мүмкіндігі іске асы-

рылды: эндосонография, фиброхолодохоскопия, сондай-ақ күрделі эндоскопиялық емдік және реконструктивтік манипуляциялар. Эндоскопиялық операциялар амбулаториялық деңгейде орындалады, күрделі операциялық эндоскопиялық манипуляциялар аурухананың хирургиялық бөлімшелеріне жатқызу кезінде орындалады. Бөлімшеде міндетті түрде бірінші және жоғары санатты эндоскопист-дәрігерлер жұмыс істейді. Міне, осы дәрігерлік мамандығын меңгерген жас маман – Ахнаев Жандос Бизақұлы. Бүгінгі таңда хирург дәрігер ретінде талай емделушілердің алғысына бөленіп, Тайынша аудандық көпсалалы ауруханасында еңбек атқаруда. Ақ халатты абзал жан өзі еңбек атқарған соңғы 3 жылда 1000-ға жуық адамға ем жасаған. Ол Қарағанды медицина академиясының түлегі. Эндоскопия тақырыбы бойынша мамандандырудан өткен жас маман ашылған жаңа кабинеттегі жұмысында заманауи диагностикалық және операциялық жабдықтармен диагностика, емдік эндоскопиялық процедуралар мен манипуляциялар жасайды, эндоскопия арқылы қатерлі іш құрылысының ауруларының алдын алуға болады. Жас маман, іске сәт! Дәрігер-эндоскопист Жандос Бизақұлы - Тәуелсіздік құрдасы. Отбасында зайыбы Ділімұхаш Әсемгүл дәрігер-невропатолог.

ҚАЗАҚСТАН ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ 30 ЖЫЛ

ҚҰРМЕТТІ ОТАНДАСТАР!

Біз Тәуелсіздіктің отыз жылдығын айтулы жетістіктермен қарсы алып отырмыз. Қуатты елге айналып, бірлігі бекем қоғам құрдық. Сындарлы саясат жүргізіп, әлеуеті зор нарықтық экономикалық жүйе қалыптастырдық. Ең бастысы, бабаларымыз ғасырлар бойы аңсап өткен Тәуелсіздікке қол жеткізіп, елдігіміз қайта жаңғырды. Әлем қартасында Қазақстан деген егемен елдің ойып тұрып орын алуы үшін аянбай еңбек еттік. Ендігі кезекте осы жетістігімізді еселеп арттыру ел ынтымағы мен тұтастығына байланысты. Отыз жылда 9,5 миллионнан астам сәби дүниеге келді. Олардың алдыңғы шебі орда бұзар отызға толып отыр.

Бұл – көзі ашық, көкірегі ояу, санасы азат, ойы озық жаңа буын.

Мемлекеттілікті сақтап, Қазақстанды «**Мәңгілік Ел**» ету осы ұрпаққа жүктелетін тарихи миссия деп санаймын.

Осы орайда, жаңа дәуірдегі қазақстандықтарға бағдар болатын «Елдіктің жеті тұғыры» атты қағидаттар жиынтығын ұсынамын.

Бұл – отыз жылдық белесті елмен бірге өткерген **Елбасы ретіндегі менің жас ұрпаққа жолдар үндеуім** деп қабылдаңыздар.

Бірінші. Тәуелсіздік – кез-келген азамат үшін ең қастерлі құндылық.

Тамыры терең тарихымызға құрметпен қарап, мемлекеттілігімізді қадірлеу, оны көздің қарашығындай қорғау – әрбір қазақстандықтың міндеті.

Жер жүзінде өз алдына дербестігі жоқ қанша ұлт пен ұлыстың барын ескерсек, еселі еңбекке арналған отыз жыл ұлт тарихында алтын әріппен жазылары анық. Әлемде көлемі жағынан 9-шы орын алатын байтақ атырапты еншілеу Жаратқанның халқымызға берген баға жетпес несібесі деп білеміз. **Қазақтың барша арман-мақсатының орындалуы тек Тәуелсіз мемлекет, дербес ұлт жағдайында ғана мүмкін екенін ұмытпауымыз керек. Тәуелсіздікті нығайту – экономиканы нығайту.** Бұл барша халықтың еңбегімен келеді. Сондықтан жас ұрпақ ел игілігі үшін әрдайым еңбек етуге дайын болуы қажет.

Екінші. Бірлік пен келісім – елдігіміздің мызғымас тұғыры.

Этникалық әраландық – біртұтас ұлт ретінде қалыптасқан халқымыздың артықшылығы. Бүгінде бірлік пен этносаралық татулықты сақтау жолында отыз жыл бойы жүргізілген сындарлы саясаттың жемісін көріп отырмыз. Бір шаңырақтың астында тату-тәтті ғұмыр кешіп, татулық пен сыйластықты қамтамасыз етуде Қазақстан халқы Ассамблеясының әлеуеті зор. **Конституцияны қастерлеу, мемлекеттік тілді білу, ұлттық құндылықтарды қадірлеу – әр азаматтың парызы.** Бірлігімізді арттырып, ынтымағымызды күшейтсек қана елдігіміз нығайып, егемендігіміз баянды болады.

Үшінші. Жер – ата-баба мұрасы, халық қазынасы.

Жерден қасиетті ешнәрсе жоқ. Қазақ үшін ел мен жер – тұтас ұғым. Тарихымыздағы соғыс атаулының бәрі ел мен жерді қорғау үшін болған. Біз Тәуелсіздікті жариялай салысымен шекарамызды құжат жүзінде бекітіп алуға күш жұмсадық. Адамзат тарихында, тіпті қазіргі кезеңде де даулы территорияның соғысқа, қантөгіске алып келгенін көріп отырмыз (*Таулы Қарабақ, Қырым, Грузия және т.б.*). Мен өскелең ұрпақты осындай қауіптен сақтап қалу үшін барымды салдым. Енді ата-баба аманатына адал болып, ұлан-ғайыр жерімізді қорғау, оны болашақ ұрпаққа мирас ету – біздің ортақ борышымыз.

Төртінші. Отбасы мен салт-дәстүр – қоғамның алтын діңгегі.

Отанға деген сүйіспеншілік – өз отбасыңа, ауыл-аймағыңа, еліңе деген махаббат пен жанашырлықтан басталады. **Отбасы – ұрпақ тәрбиесінің ұстаханасы, қоғамдық қатынастардың бастауы**

– *Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев «Nur Otan» партиясы Саяси кеңесінің кеңейтілген отырысында жас ұрпаққа үндеу жолдады. Елбасы: «Осы орайда жаңа дәуірдегі қазақстандықтарға бағдар болатын «Елдіктің жеті тұғыры» атты қағидаттар жиынтығын ұсынамын. Бұл – отыз жылдық белесті елмен бірге өткерген Елбасы ретіндегі менің жас ұрпаққа жолдар үндеуім деп қабылдаңыздар», – деп Нұрсұлтан Назарбаев «жеті тұғыр» деп атаған ұғымдарға жеке-жеке тоқталды. Көпшілік газет оқырмандарына осы қағидаттар жиынтығын ұсынамыз:*

саналатын бірегей институт. Жаһандану үдерісі тұрмысымыз бен салт-санамызға өзгеріс әкелгенмен, ғасырлар бойы қалыптасқан құндылықтардан бас тартуға болмайды. Қай кезеңде де біз **үлкенге – ізет, кішіге – құрмет көрсетуді дәріптейтін ата дәстүрімізді берік ұстануымыз қажет.** Отбасы институты әлсіреп, салт-дәстүріміз ұмытылса, ел болып қалуымыз екіталай. Сол үшін дәстүрдің озығын алып, тозығын тастап, елдік болмыстың өзегін сақтай білуіміз керек. Сонда ғана саналы ұрпақ тәрбиелейміз.

Бесінші. Ұлттық мәдениет – халықтың рухани тірегі.

Біз – тамыры тереңнен бастау алатын ұлы көшпенділердің ұрпағымыз. Болмысы ерекше, рухани-мәдени мұраларға бай халықпыз. Қазіргі таңда жаһандық бәсекеге қабілетті болу үшін бірегей ұлттық мінез, асқақ рух керек. Мұндай қасиеттер тарихты білу, мәдени құндылықтарды тану арқылы келеді. **Өркениетті қуыз елдің қатарына қосылу да материалдық құндылықтармен қатар, рухани байлықтың маңызы зор.** Сол үшін мәдениетімізді зерделеп, өзге жұртқа насихаттай білген абзал. Басқа халықтарды тек өнер құдіретімен, ғылыми ізденіспен ғана мойындата аламыз.

Алтыншы. Білім мен еңбек – бақуатты өмірдің кілті.

«Өзіңе сен, өзіңді алып шығар, еңбегің мен ақылың екі жақтап» деп дана Абай айтқандай, біз тек өз біліміміз бен күшімізге сенуіміз керек. Елімізде талантты әрі дарынды, алғыр да өжет жастар жетерлік. Әлемнің алпауыт компанияларында жұмыс істейтін, халықаралық деңгейде ғылыми жаңалық ашқан, түрлі салада еңбегімен танылып жүрген жалынды жастарды көргенде ерекше қуанамын. **Бұл – біздің үмітіміздің ақталғаны.** Мен жалпыға ортақ еңбек қоғамын құру туралы идеяда оның бес принципін – **эволюциялық даму, ортақ жауапкершілік, өзара серіктестік, ынталандыру мен кәсібилікке ұмтылуды атап көрсеттім.** Онсыз кез келген қоғам көштің соңында қалуы мүмкін. Ендеше, **табыстың кілті үздіксіз білім алу мен тынымсыз еңбек етуде.** Адал еңбек қана адамды мұратына жеткізеді. Осыны жастардың санасына сіңіру қажет.

Жетінші. Прагматизм – бәсекеге қабілетті болудың кепілі.

Біз қолда бар ресурс пен мүмкіндікті пайдалануға, нәтижелі жұмыс атқаруға және көздеген мақсатқа тиімді қол жеткізуге тырысуымыз керек. Қазір елімізде жастардың өзін-өзі дамытуына, білімін жетілдіріп, сүйікті ісімен айналысуына мүмкіндік мол. Сондықтан прагматизм принциптері бойынша барынша **қанағатшыл, үнемшіл, ұстамды болып, уақытты орынды пайдалануға талпынған жөн.** Осылайша біз Тәуелсіздігімізді баянды етіп, ел тұтастығын сақтап, отбасылық құндылықтарды жаңғыртып, ұлт мәдениетін насихаттап, терең білім мен адал еңбекке ден қойған жасампаз ел боламыз. **Елдіктің жеті тұғыры дегеніміз – осы! Ардақты ағайын Алдағы 30 жыл – елдігімізді нығайтудың жаңа кезеңі болары хақ.** Ол әр азамат ұлтымыздың болашағы үшін жауапкершілікті өз мойнына алып, оны толық сезіне білген кезде жүзеге асады. Елдің ең ірі саяси партиясы ретінде «Nur Otan» осы бағытта атқарылар істердің алдыңғы шебінде болуы керек. **Осындай игі жұмыстың басы-қасында жүру – билеуші партияның ұзақмерзімді көшбасшылығының кепілі.** Ендігі кезекте осы мерейлі күнге жеткізген, ырысымызды арттырған Жаратқанға шүкіршілік етіп, ертеңге сенімді қадам басу қажет. Рухымызды қайрап, еңсемізді тіктеп, бұдан да биік асуларға жету үшін және Тәуелсіз Қазақстанның жарқын болашағы жолында тынбай жұмыс істеуге тиіспіз! Біз кез келген сынақтан сүрінбей өтіп, жеңіске бірге жетеміз! **Еліміздің 30 жылдық белесі құтты болсын! Біз біреміз!**



1 ЖЕЛТОҚСАН – ЕЛ ТАРИХЫ ҮШІН ЕЛЕУЛІ КҮН

Қазақстан халқы 1 желтоқсан күні еліміз үшін елеулі оқиға – Тұңғыш Президент күнін атап өтеді. Алайда кейбіреулерді бұл мерекенің шығу тарихы ойландырады анық. Парламенті 1991 жылғы 1 желтоқсанда өткен Тұңғыш Президент сайлауына қатысты осындай шешім қабылдаған болатын. Мұның себебі неде? Себебі тәуелсіз Қазақстанның іргетасын қалап, шекарасын шегелеп, болашаққа бағыт-бағдар берген Тұңғыш Президенттің халық алдындағы еңбегі ұшан-теңіз.

Сәл тарихқа шегініс жасар болсақ, 1991 жылғы 1 желтоқсанда, алғаш рет жалпыхалықтық сайлау өтіп, егемен Қазақстанның негізін салушы - Нұрсұлтан Назарбаев тұңғыш рет Президент болып сайланды. Сайлауға қатысқандардың 98,78%-ы жақтап дауыс берді. Бұл жаңа мемлекет қалыптасуының өтпелі кезеңінде сенімді басшыға өз тағдырын тапсырған Қазақстан халқының жауапты таңдауы еді. Шын мәнінде, Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың салиқалы саясатының арқасында тәуелсіз Қазақ елі қалыптасып, тарихымыз түгенделіп, тіліміз, дініміз және діліміз қайта оралып, мемлекетіміздің ұлттық рәміздері қабылданды. Қазақстанның шынайы егемендігін қамтамасыз еткен маңызды мемлекеттік актілерге қол қойылды. Мәселен, 1991 жылдың 29 тамызында Нұрсұлтан Назарбаевтың Семей ядролық полигонын жабу туралы Жарлығы шықты. Сондай-ақ 1991 жылдың 25 қазанында Президенттің Жарлықтарымен Қауіпсіздік кеңесі және мемлекеттік қорғаныс комитеті құрылды. Оған дейін Президент «Одаққа бағынған мемлекеттік кәсіпорындар мен ұйымдарды ҚКСР иелігіне ауыстыру туралы» және «ҚКСР-ның алмас және алтын қорын құру туралы» Жарлық шығарды. Қысқасы, Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігінің іргетасы осылай қаланды. 10 желтоқсан күні Алматыдағы Республика сарайында Президентті ұлықтау рәсімі өтті. Нұрсұлтан Назарбаев республиканың көпэтносты халқына адал қызмет етуге, Қазақстан Республикасының Конституциясын қатаң сақтауға, азаматтардың еркіндігі мен құқықтарын кепілдендіруге, Қазақстан Республикасының Президентіне жүктелген міндеттерді адал орындауға ант берді. Одан кейінгі мемлекет құрылысының табысты жылдары Мемлекет басшысының 1991 жылғы 10 желтоқсанда Қазақстан халқына берген анттың тұтастай және толық орындалғанын көрсетті.

Қазақ КСР-ның Жоғарғы Кеңесі сол күні-ақ Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасын Қазақстан Республикасы деп өзгертті. Еліміз бүгінде бүкіл әлемге танымал жаңа атқа ие болды. «Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңы 1991 жылғы 16 желтоқсан күні қабылданды. Осы заң негізінде еліміз өзінің Тәуелсіздігін жария етті. Осы заңның 1-тарауында: «Қазақстан Республикасы - тәуелсіз, демократиялық және құқықтық мемлекет. Қазақстан Республикасы барлық мемлекеттермен өзара қатынасын халықаралық құқық принциптері бойынша құрады. Өзінің мемлекеттік тәуелсіздігін басқа мемлекеттердің тануы үшін Қазақстан Республикасы ашық. Қазақстан Республикасының бүкіл территориясында Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдары, сондай-ақ ол таныған халықаралық құқық нормалары қолданылады. Қазақстан Республикасының территориясы қазіргі шекараларында біртұтас, бөлінбейтін және қол сұғуға болмайтын территория болып табылады», - делінген.

1 ЖЕЛТОҚСАН – ЕЛ ТАРИХЫ ҮШІН ЕЛЕУЛІ КҮН

Рас, содан берігі 30 жылда елдің іргесі сөгілген жоқ. Ұлтаралық татулыққа селкеу түспеді. Яғни Конституциялық заңның дер кезінде қабылдануы Қытай, Ресей, Қырғызстан, Түрікменстан және Өзбекстанмен шекараны реттеуге ықпал етті. заң Еуразиялық кеңістікте тұрақтылық пен серіктестік, сенім саясаты негіздерін қалыптастырды.

Шындығы сол, «Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» Конституциялық заңды қабылдау жаңа тәуелсіз мемлекетіміздің шынайы егемендігінің бастауы болды. Тыңнан түрен салған Қазақстан халқы, оның Көшбасшысы тәуелсіз мемлекеттің басым бағыттарын нығайтты. Ең алдымен шынайы егемендікті жария етіп, сыртқы әлемге танылуға қол жеткізілді.

Осы бағытта әр еңбек саласы өкілдерінің, саясаткерлер мен жоғары лауазымды адамдардың ой-пікірлерін көпшілікке ұсынамыз:

Сайын БОРБАСОВ, саясаттанушы:

Назарбаев - керемет сәулетші - Тәуелсіз Қазақстанның қалыптасуы Президенттің қызметімен тікелей байланысты. Яғни Ұлт Көшбасшысының ғылыми, саяси ізденістерімен байланысты десек - қателеспейміз. Бұл - ақиқат. Оны ешкім жоққа шығара алмайды. Мысалы, 1993 жылы «Қазақстанның егеменді мемлекет ретінде қалыптасуы мен даму стратегиясы» деген еңбек жазды. Сонда «Қазақстан құқықтық демократиялық мемлекетке айналуы үшін қандай қадамдарға бару керек, экономиканы дамыту үшін қандай міндеттерді атқару керек, нарықтық қатынастарды қалай қалыптастыру қажет, Қазақстанның мемлекеттік мүддесі дегеніміз не?» деген сауалдарға жауап береді. Сондай-ақ осы аталған міндеттемелерді қалай атқарылуы керектігі көрсетілген. Міне, сол тәуелсіздіктің алғашқы жылдары-ақ, яғни 1993 жылы Президент Қазақстан дамуының басты бағдарын анықтап берді. Одан кейін 1997 жылы «Қазақстан - 2030» стратегиялық бағдарламасы жасалды. Онда еліміздің тұтастығы, қауіпсіздігі, халықтың әл-ауқаты, бәрі-бәрі қамтылған.

Бағдарламада «біз алдағы отыз жылдың ішінде орта дамыған мемлекеттердің қатарына кіреміз» деген мақсат қойылған болатын. Қазір біз отыз жылдың ішінде емес, бар-жоғы он бес жылдың ішінде әлемдегі дамыған, өркениетті мемлекеттердің қатарына ендік. Бұл табыс па - табыс! Президенттің еңбегі ме - еңбегі! Мұны қарапайым еңбек адамынан бастап, лауазым иелеріне дейін бір- ауыздан мойындайды. Рас, алғашында 2030 бағдарламасы утопия секілді көрінген. Бірақ уақыт өте келе бағдарламада қамтылған салалардың бәрі жемісін берді, нәтижесін көрсетті. «Қазақстан индустриялық-инновациялық елге айналу керек» деген болатын Елбасы. Қазақстан тек шикізат отаны болып қалмауы тиіс, өндіріп, өңдеп шығаратын іргелі елге айналуы қажеттігі де айтылған. Соның бәрі бүгін орындалып жатыр. Бұдан тыс, сыртқы саясатқа келетін болсақ, Елбасының бұл салада да үлесі сүбелі. Еңбегі ерен. ТМД-ның негізін салуға, осы аяда өмір сүріп жатқан тәуелсіз мемлекеттердің бостандығы баянды болуына, елдер арасында достық пейілдегі жақсы қарым-қатынас орнауына ерекше тер төкті. Саяси, экономикалық, мәдени интеграция құруға арналған көптеген бастама-жобалардың авторы болды. Мәселен, Еуразиялық экономикалық қоғамдастық, Бірыңғай экономикалық кеңістік, Кеден одағы, Ұжымдық қауіпсіздік шарты ұйымы, Шанхай ынтымақтастық ұйымы, т.б. атауға ие болады. Бұдан тыс, қазіргі кезде түркітілдес мемлекеттер одағын құру жөніндегі бастамасы да үлкен қолдау табуда. Сөз жоқ, үлкен саясаткер, әлемдік деңгейдегі бірегей тұлға. Еуропаның қауіпсіздігі және ынтымақтастығы ұйымына, Ислам ынтымақтастығы ұйымына Қазақстанның төрағалық етуінің бәрі Нұрсұлтан Назарбаевтың беделінің арқасы. Әлем Қазақстанды Елбасының арқасында таныды, мойындады. Елбасы «Бірлік бар жерде тірлік бар» деген. Айтқаны келді. Қазақстан тәуелсіз ел атанды. Нұрсұлтан Назарбаев тәуелсіз еліміздің керемет сәулетшісі.

Уәлихан ҚАЛИЖАНОВ, М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының директоры, филология ғылымдарының докторы:

Елі еріне, ері еліне сенген ұлы тұлға! - Ғасырлар тоғысып, заман алмасып жатты. Өзгермеген бір-ақ нәрсе! Ол - егемен ел болам деген қазақтың арманы еді. «Елім-айлап» зарлады, қызыл қырғын кезінде 4 миллион қазақты аштық жалады. 48 мың ұлтын сүйген Алаш оғандары мен қыздары атылды, жер аударылды, елінен, ана тілінен айырылды. Бірақ санадағы сәуле өшпеді. 1986 жылдың желтоқсанында Алматының қақ төрінде, Алатаудың етегінде қазақтың ұлқызы тағы да қырғынға ұшырады. Енді қазақ қызы күн

бола алмайды, енді қазақ ұлы құл бола алмайды! Қылбұрау бостандық рухын тұншықтыра алмайды. Аппақ қар қыпқызыл түске боялды! Қазақтың ғасырлар бойы бұғып жатқан арнамысы оялды. Бұл осылай келген егемендік еді.

Сын сағаты соқты. Осы жойқын халық қаңарынан қаймықтауға бола ма? Қолы от көсеген, еңбекпен көсегесі көгерген, халықтың өз ішінен жарып шығып, Абылай бабасының арманын арқалап, Тәуелсіздіктің көк жібесі болып Нұрсұлтан Назарбаев тарих сахнасына шықты. Әлем назары Қазақстанға ауды. Жеке мемлекет болып көрмеген, жеке саясатын жүргізбеген кешегі Ресейдің колониясы, Кеңестер Одағының «соқыр ішегі» болған қазақ елі егемендіктің тізгінін ұстай алар ма екен деп сырттан сынап қарағандар да болғаны жасырын емес-ті. Бірақ дос сүйсінді, дұшпан күйінді. Қазақ ел бола алады екен! Қазақ бір көк Тудың астына жинала алады екен! «Қазақтың бүкіл тарихы - бірігу тарихы» деп Н.Назарбаев қадап айтқандай, Егемендік, Тәуелсіздік, Ана тілі ұлтты біріктіруші күшке, ұлттық идеологияның рухани тірегіне айналды.

Н.Назарбаев мемлекеттіліктің өркеніет жолын ұсынды. Президенттік саяси институт енгізілді. Осылай қазақтың Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев Ата заңға сүйеніп, халық алдында Ант берді. Тәуелсіз Қазақстанның көк Байрағын тізерлеп отырып сүйгені тарихи сәт еді. Бұл бірінші рет өткізілген инаугурация болатын. Бәрі толқыған. Осындай кезеңде тұтқырға берік орнатылмағаны байқалды. Шайқалып қалды. Қасқағым сәтте Президент туды тұғырына берік қадап, ырғапырғап қатайтып бекітті. Міне, содан бері тәуелсіздік туын шайқалтпай, берік ұстап, көк Байрағымыз әлемдік тулардың қасында қатар желбіреп тұр. Н.Назарбаев жаңандық саясатын мінберінен сөз алды. Дауысы Алатаудан асып, Сарыарқадан шығып, кәрі Каспийден өтіп, Алтайды айналып, Біріккен Ұлттар Ұйымының мінберінен бірақ шықты. Ғасырға бергісіз жиырма жылдың ішінде қазақ деген ұлтты, Қазақстан атты мемлекетті кәрі Еуропа да, мұхиттың арғы жағындағы АҚШ та, көрші Ресей мен Қытай да мойындап, стратегиялық әріптестікке қол қойды.

Қазақтың шекарасы айқындалып, ол Ресей, Қытай, Өзбек елі Парламентінде тиісті ратификациядан өтті, заңды құжатқа айналды. Шекара делиматация, демаркация жасалып, ешкім қол сұға алмайтындай заңмен бекітілді. Әлем жаңа Қазақ мемлекетін, оның Президентін осылай мойындады.

Қазақстанның жаңандық саяси додада шешуші дауысы бар. Әлем лидерлері Қазақстан Президенті Н.Назарбаевтың уәлі сөзін де тосатын, кесімді пікірімен санасатын, айғақ ойына келісетін болды. Бұл - Н.Назарбаевтың ғана таққа отыруы емес, қазақтың таққа отырғаны емес пе?! Қазақстандық даму жолы, көпқырлы сыртқы саясат, ядролық қарудан бас тарту, ұлтаралық келісім мен діни толеранттылық, ШЫҰ, ЕуразЭҚ, СВМДА сияқты ұйымдардың бойына қан жүгірту, ЕҚЫҰ, ОИС, ҰҚШҰ сынды іргелі ұйымдарға төрағалық ету, Дәстүрлі әлем діндері лидерлерінің төрт съезінің Қазақстан жүрегі - Астанада өтуі Қазақстанның қысқа мерзімде алған белесі мен толайым табысы.

Н.Назарбаев экономиканың даму үрдістерін тани білетін және ондағы Қазақстанның орнын айғақтаған саясаткер ғана емес, ғалым екендігін мойындатты. Нарықтық қатынастарға бейімделген «Назарбаев моделін» жүзеге асырды. Осылай қысқа мерзім ішінде Қазақстан дүниежүзіндегі қарқынды дамып келе жатқан үш елдің қатарына енді. Бұл күні кеше тоталитарлық жүйенің, экономикасы таза шикізат көзіне тәуелді мемлекет үшін экономикалық бұғауды үзіп шыққанмен бірдей еді. Сондықтан да Елбасы «Әуелі - экономика, сонан соң саясат» деді. Бұл өз жемісін берді. Қазақстан әлем өркениетінің озық тәжірибесін игерді. Оны Қазақстан жағдайына лайық жүйеге түсірді. Осылай Қазақстанда индустрияландыру саясаты қолға алынды. Оған инновациялық үрдіс қосылды. Мұның бәрі ел экономикасын мүлдем басқа арнаға бұрды. Жаңа технологияларды алып жүретін жаңа ұрпақ, жас кадрлар қажеттігі туды. Мұны да Н.Назарбаев оңтайлы шешті. «Болашақ» бағдарламасымен сегіз мыңға жуық қызжігіт шетелдің озық университеттеріне жіберілді. Олар Қазақстанға жаңа ойлау жүйесін алып келді, жаңа технологиялар игеріле бастады. Сайып келгенде, уақыты келгенде ондай кадрларды Қазақстанда даярлау ісі қолға алынды. Назарбаев интеллектуалдық мектептері, «Назарбаев Университеті» талантты балаларға есігін айқара ашты.

Егемендік, тәуелсіздікті нығайту үшін билік аппараттарының үйлесімді жұмыс істеуі ғана емес, олардың теңгермешілігін сақтау қажет болды. Сондықтан

ҚАЗАҚСТАН

ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ

30 ЖЫЛ

да Н.Назарбаев қазақстандық басқару жүйесін құрды. Қазақстанда шынайы сөз бостандығына қол жеткізілді. Бұл декларативті сөз бостандығы емес. Шын мәнінде солай. Қазақстан өз тәуелсіздігінің 30 жылы ішінде әлем мойындаған мемлекеттердің қатарына қосылды. Еліміздің Тұңғыш Президенті, Елбасы Н.Назарбаев аз ғана жылдың ішінде бұрын-соңды болмаған мемлекет құрды. Мыңдаған жылдар бойы бабаларымыз аңсаған тәуелсіздіктің туын көтерді. Әлемнің 150-ден астам елдерімен дипломатиялық қатынас орнатты. Қазақстан өзге мемлекеттердің даму жолдарын саралады, өзінің көпқырлы саясатын қалыптастырды, ұлттық сана мен ұлттық танымға үлкен өзгерістер енгізді. Ұлттық идеологияның, мемлекеттік саясаттың басым бағыттары белгіленді. Қазақстанның Ата заңына сәйкес қазақ тілі - Мемлекеттік тіл деп айғақталды. Иә, Елбасы қадап айтқандай, Қазақстан халқы - білімге, ғылымға құмар халық. Оған сауаттылық жағынан Қазақстанның әлемдік көрсеткіш бойынша 4-орында тұрғанын айтсақ та жеткілікті. Н.Назарбаев армандаған болашақ Қазақстан қандай?

Ол - ана тілінде еркін сөйлейтін, орыс тілін игерген, ағылшын тілін меңгерген ұрпақтың Қазақстаны.

- Ұлты тату, этникалық толерантты - Қазақстан!

- Кез келген Қазақстан азаматы кез келген әлем еліне барып жұмыс істей алатын, таласқа жарайтын ұрпақ тәрбиелеген - Қазақстан!

- Индустриялық-инновациясы өркендеген - Қазақстан!

- Терезесі тең, керегесі кең - өркениетті Қазақстан!

Ауылы мен қаласы қатар ескен - қуатты Қазақстан! Бүгінде Қазақстан кемел ел, ынтымағы жарасқан мемлекетке айналды. Тарихта жеке адамның рөлін ешкім жоққа шығара алмайды. Н.Назарбаев уақытын безбендеп, заманын таныған, болашақты болжаған ірі саясаткер. Елдің басшысы қандай болса, халқы сондай. Н.Назарбаев - елі еріне, ері еліне сенген ұлы тұлға!

Дж.БУШ (АҚШ-тың экс-президенті): «Ол болашақты болжай алады».

Маргарет ТЕТЧЕР (Англияның экс-премьер-министрі):

«Назарбаев - қалыпқа сыймайтын тұлға».

Дж.АЙТКЕН (Н.Назарбаевтың өмірбаяншысы, ағылшын жазушысы):

«Өмірі... халқының тағдырымен қабысып жатқан... кейіпкер ретінде де заман жүгін көтеріп тұратын саяси қайраткерлердің өмірі қызықтырады».

В.Ф.ЯНУКОВИЧ (Украина Президенті): Сіз салмақты, прогресшіл Қазақстан Президентісіз.

Намыс Кемел ЗЕЙБЕК (Түркияның экс-мәдениет министрі, саясаткер): «Қазақстан ең алғаш тәуелсіздігін алғанда біз Қазақстан үшін Түркия үлгі боларлық мемлекет болады дедік, ал 17 жыл өткен соң біз Түркия үшін Қазақстан үлгі боларлық мемлекетке айналды деп мойындауға мәжбүрміз».

Юрий СОЛОЗОВОВ, саясаткер, Ресей ұлттық стратегиялық зерттеулер институтының халықаралық жобалар жөніндегі директоры: «Қазақстанның сыртқы саясаттағы беделі күннен-күнге нығайып келеді. Бұл Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың дана, дара саясаты мен серпінді жобалар жөніндегі бастамаларынан бастау алып отыр».

Владимир ЖИРИХИН, саясаткер, Ресейдің ТМД елдері жөніндегі институты директорының орынбасары: «Нұрсұлтан Назарбаевтың жиырма жылдық Президенттік қызметін әлбетте жоғары бағалау керек. Ол Кеңестер Одағының шытынаған халық шаруашылығының қалдығына айналған қақыраған Қазақстанды өз қолына алды. Сөйтіп, Кеңестер Одағының құлдыраған елін дербес даму-траекториясына шығарды. Мұндай терең саяси және экономикалық міндетті Президент Н.Ә.Назарбаев тиімді шешті».

Абай. Kz. Ақпараттық порталы.